

«Новый орта мектеп – лицейі» КММ бойынша бракераждық комиссия отырысының

№ 1 хаттамасы

2021 жылдың қыркүйек айының 23- і күні мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында құрылған бракераждық комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқандар: Бракераждық комиссия мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Жекелеген санаттағы оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы
2. Асхананың санитарлық жағдайы, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуі.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әбдіқалықова:

Осы оқу жылында ыстық тамақтың ұйымдастырылу жұмысының жоспары жасалды. Мектепте тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы бұйрық (№221 15.09.2021ж) шығарылып, мектеп асханасының жұмысы мен тамақтың сапасын тексеру бағытында бракераждық комиссия құрылды. Қазіргі уақытта тиісті құжаттар негізінде әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары жекелеген санаттағы 32 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша медициналық қызметкер Н.Бақтыгерей:

Мектеп асханасының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Күн сайынғы ас мәзірі қалалық СЭС бекіткен перспективалық ас мәзіріне сәйкес келеді. Мектеп асханасын асхананың қызметкерінің санитарлық кітапшасын тексерді. Рұқсат беру мерзімі нормаға сәйкес келеді. Аспаздың сыртқы киім үлгісі барлық санитарлық талапқа сай. Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ыдыстармен ыдыс жуатын бөлменің жай күйі қанағаттанарлық деңгейде. Шағымдар мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

Шешімі:

Асхананың санитарлық жағдайы, асхана жұмыстарының санитарлық талаптарының орындалуы бракераждық комиссияның бақылауында болсын.



Комиссия төрағасы:

А.Кисикова

Хатшы:

Т.Б.Аманжолова